

Шәкәрім атындағы жалпы білім беру мектебі

Нормативтік құжаттар

Әлеуметтік педагог: М.Ж.Бегенова

Әлеуметтік педагогтің өз қызметін жүргізудегі басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық құжаттары

Әлеуметтік педагог үшін қоғамдық құбылыстарды зерттеу барысында мәліметтер жинау әдістері бір қатар қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сол қиындықтардың бірі - қоғамның, қоғамдық құбылыстардың үздіксіз өзгерісте болатындығынан туатын қиындықтар. Екінші қиындық - қоғамдық құбылыстардың аса кең ауқымдылығымен, кейде тіпті бүкіл адамзатты қамтитындығымен байланысты бақылау жүргізудің қиындықтары. Үшінші қиындық - қоғамдық құбылыстардың аса күрделілігіне байланысты, сол себепті ол құбылыстарға әсер ететін көптеген факторларды зерттеу қажет болады.

Осы тұрғыда әлеуметтік педагог социумның «әлеуметтік диагнозын» қою барысында оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, олардың қабілетін, қызығушылығын зерттей отырып, ресми емес ұйымдардың балалар мен жасөспірімдерге тигізетін оңды және теріс ықпалдарын анықтай отырып, ол психологиялық, медициналық, құқықтық, адамгершілік-этикалық және басқа да сипаттағы проблемаларды шешуге көмектесе отырып, қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола тұрып, тәрбиеленушінің қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал ететін мынадай заңдарды басшылыққа алады:

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
2. БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция»;
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
4. ҚР «Білім беру туралы заңы»;
5. ҚР «Неке және отбасы туралы заңы»;
6. «ҚР баланың құқықтары туралы заңы»;
7. «Патронаттық тәрбие туралы ереже»;
8. «Қорғаншылық және қамқоршылық туралы ереже»;
9. ҚР Еңбек кодексі;
10. ҚР Қылмыстық кодексі;
11. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы» ҚР Заңы

ҚР Баланың құқықтары туралы Заңы

2002 жылдың 8 тамызында қабылданған, заң 10 тарау, 53 баптан тұрады.

Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзаттық тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдылығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындатын қатынастарды реттейді.

Осы Заң аясында мектепте әлеуметтік педагогтар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, патронаттық тәрбиедегі балаларды және мүгедек балалардың құқықтарын қорғаушы болып табылады. Заңда көрсетілген негізгі талаптар мен құқықтар, міндеттер бойынша өз жұмысын басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

Әлеуметтік педагогтар білуі тиіс: 1-бап - Осы Заңда пайдаланатын негізгі ұғымдар; 4-бап – Балалардың тең құқықтылығы; 8-бап – Баланың денсаулық сақтауға құқығы; 10-бап – Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы; 12-бап – Баланың қажетті тұрмыс деңгейіне құқығы; 13-бап – Баланың мүлктік құқықтары; 14-бап - Баланың тұрғын үйге құқығы; 15-бап – Баланың білім алуға құқығы; 17-бап – Баланың мемлекеттік көмекке құқығы; 19-бап – Баланың демалуға және бос уақытын пайдалануға құқығы;

4-тарау. Бала және отбасы: 22-бап – Баланың отбасындағы құқықтары; 24-бап – ата-анасының баланы тәрбиелеу, күтіп-бағу және асырау жөніндегі міндеті, 25-бап – Баланың ата-анасымен бірге тұруға құқығы.

5-тарау. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың құқықтары: 27-бап – Қорғаншылық, қамқоршылық және патронат; 28-бап – Бала асырап алу; 29-бап – Баланы тәрбиелейтін, емдейтін және сол сияқты өзге де мекемелерде күтіп-бағу мен тәрбиелеу; 30-бап – Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асыратын ұйымдар.

6-тарау. Мүгедек баланың құқықтары: 31-бап - Мүгедек баланың толымды өмірге құқықтары, 32-бап – Мүгедек баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер; 33-бап – Мүгедек балаларға мемлекеттік көмек. 8-тарау. Баланың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау.

ҚР Заңы «Неке және отбасы туралы» 2006ж. 7-бөлімнен, 29-тараудан, 213 баптан тұрады.

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы неке-отбасы қатынастарын, сондай-ақ, оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін белгілеп, реттейді, отбасының дамуын Қазақстан Республикасы мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты деп анықтай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс: **3-бөлім. Отбасы. 9-тарау. Баланың құқықтары**

52-бап. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы

53-бап. Баланың ата-анасымен және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасау құқығы

54-бап. Баланың өз пікірін білдіру құқығы

55-бап. Баланың ат алуға, әкесінің атын және тегін алуға құқығы

56-бап. Баланың аты мен тегін өзгерту

58-бап. Баланың мүлктік құқықтары

59-бап. Баланың қорғалу құқығы

10-тарау. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері

11-тарау. Ата-ана құқықтарынан айыру және оларды шектеу

- 67-бап. Ата-ана құқықтарынан айыру
- 68-бап. Ата-ана құқығынан айыру тәртібі
- 69-бап. Ата-ана құқықтарынан айырудың салдары
- 70-бап. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру
- 71-бап. Ата-ана құқықтарын шектеу
- 74-бап. Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда баланы айырып алу

4-бөлім. Қорғаншылық және қамқоршылық

13-тарау. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру

- 100-бап. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау
- 101-бап. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және есепке алу
- 102-бап. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру

14-тарау. Қорғаншылықты және қамқоршылықты белгілеу тәртібі

- 103-бап. Қорғаншылық және қамқоршылық белгіленетін адамдар
- 104-бап. Қорғаншылық
- 105-бап. Қамқоршылық
- 106-бап. Қорғаншы және қамқоршы органдар
- 107-бап. Қорғаншылықты және қамқоршылықты белгілеу
- 108-бап. Қорғаншылар мен қамқоршылар
- 16-тарау. Патронат

119-бап. Патронат

1. Қорғаншылық және қамқоршылық нысанындағы патронат ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, соның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе осы тәрізді басқа да мекемелердегі кәмелетке толмаған балаларға белгіленеді.

2. Баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдіруші адам (патронат тәрбиеші) мен қорғаншы және қамқоршы орган арасында жасалған баланы (балаларды) тәрбиелеуге беру туралы шарт патронаттың туындау негізі болып табылады.

3. Патронат туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Бала асырап алу

Баланың алудағы уақыттағы тәрбиесін анықтау формасы бала асырап алу болып табылады. Неке және отбасы заңы бойынша баланы асырап алуды бала асырап алуға тілек білдірген адамдардың (адамның, тұлғаның) арызы бойынша сот жүргізеді. Бала асырап алу туралы істерді сот азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша ерекше іс жүргізу тәртібімен жүргізеді.

Балаларды асырап алу туралы істерді сот қорғаншы және қамқоршы органдардың қатысуымен қарайды.

Сот бала асырап алу ісін жүргізу барысында міндетті түрде қорғаншы және қамқоршы органдарынан баланың тұрғылықты жерінен:

- бала асырап алушының өмір жағдайының тексерілгендігін куәландыратын акт;
- баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі мен акттың көшірмесі;
- бала асырап алушының ҚР-сы денсаулық сақтау министрлігінің арнайы құрылған комиссиясының медициналық, эксперттік денсаулығы мен ақыл-ойының дұрыстығы жөніндегі медициналық қорытынды;
- баланың асырап алуға келісімі, егер ол бала 10 жасқа толған болған жағдайда;
- ата-анасының баланың асырап алуға рұқсаты, егер ол заң бойынша талап етілсе.

Орталықтандырылған балалар тіркеуін, яғни ата-аналарының асырауынсыз қалған балалардың тізімін (аймақтық, аудандық, облыстық) қорғаншы және қамқоршы органдарымен бірлесіп ҚР атқарушы және Білім Министрлігінің бірлесуімен жасалынады.

Қорғаншы және қамқоршы органдар баланың тұрғылықты жерінен тіркеу анықтамасын, керекті қолданылатын құжаттарды баланы келесі отбасыға тәрбиелеуге беру үшін дайындау шарт.

Сот баланы асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде осы шешімнің көшірмесін шешім шығарған орны бойынша азаматтық хал актілерін жазатын орган мен қорғаншы және қамқоршы органдарға жіберуге міндетті.

Бала асырап алу азаматтық хал актілерінің мемлекеттік тіркеуі үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Іс-құжаттарды тіркеумен аударуда әлеуметтік педагогтар араласады, себебі тек әлеуметтік педагог қана ереже бойынша бала мен тек сол ғана байланыс жасайды. Егер бала бір айдың көлемінде тапсырылған отбасыға берілмесе, онда қорғаншы мен қамқоршы органдар барлық құжаттарды қайта тіркеуге өткізеді.

Ата-ана құқықтарына айыру және оларды шектеу

Ата-ана құқықтарына айыру және оларды шектеу жағдайында әлеуметтік педагог көптеген мәліметтерді жинақтап, ата-ана құқықтарынан айыру және оларды шектеуге міндетті түрде қатысады.

ҚР Неке және отбасы туралы заңының 11 тарауының 67 бабына сәйкес.

Ата-ана құқықтарына айыру.

1. Егер ата-аналар (олардың біреуі):

- ата-ана міндеттерін орындаудан, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтаратын болса;

- өз баласын перзентханадан (бөлімшесінен) не өзге де балаларды тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да мекемелерден алудан дәлелді себептерінсіз бас тартса;
 - өздерінің ата-ана құқықтарын пайдаланып киянат жасаса;
 - балаларға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде олардың денесіне немесе психикасына зорлық-зомбылық жасаса, олардың жыныстық пәктігіне қастандық жасаса;
 - заңдарда белгіленген тәртіппен маскүнемдікпен, нашақорлықпен және ауытқұмарлықпен ауырады деп танылатын болса олар ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін.
2. Өз балаларының не жұбайының өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыс жасаған жағдайда ата-аналар (олардың біреуі) ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін.

Ата-ана құқықтарына айыру бұл –

1. ата-анасының (біреуінің) тәртібін оң жаққа өзгерту мүмкін болмаған жағдайда;
2. тек сот арқылы;
3. ата-ананың кесірінен (екеуі де) болуы мүмкін.

Отбасыдағы жағдайға байланысты ата-ана құқықтарынан айыру ата-аналарға келесідей мүмкіндіктер туғызады: әлеуметтік патронат, әңгімелесу қорғаншы және қамқоршы органдардың ескертуі, ішкі істер органдары.

Ата-ана құқығынан айыру сот тәртібімен жүргізіледі. Ата-ана құқығынан айыру туралы істер ата-аналардың біреуінің (олардың орнындағы адамдардың), кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктеген органдардың немесе ұйымдардың (қорғаншы және қамқоршы органдардың, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің және басқаларының) арызы бойынша, сондай-ақ прокурордың талабы бойынша қаралады.

Ата-ана құқығынан айыру туралы істі қарау кезінде сот ата-ана құқығынан айырылған ата-аналардан (олардың біреуінен) алимент өндіріп алу туралы мәселені шешеді.

Ата-ана құқықтарынан айырудың салдары ата-ана құқықтарынан айыру балалармен туыстық фактісіне негізделген барлық құқықтардан, оның ішінде одан асырауға қаражат алу, сондай-ақ балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақылар алу құқықтарынан айырылуға әкеп соғады.

Ата-ана құқығынан айыру ата-аналарды өз баласын асырау міндетінен босатпайды, ол баланы асырап алу арқылы тоқтатылады.

Бала мен ата-ана құқықтарына айырылған ата-ананың одан әрі бірге тұруы туралы мәселе сот тәртібімен шешіледі.

Ата-анасы (олардың біреуі) ата-ана құқықтарынан айырылған бала ата-анасымен және басқа да туыстарымен туыстық фактісіне, оның ішінде тұра алу құқығына негізделген тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын, сондай-ақ мүлктік құқықтарын сақтап қалады.

Баланы басқа ата-анаға беру мүмкін болмаған кезде немесе ата-анасының екеуі де ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда бала қорғаншы және қамқоршы органның қамқорлығына беріледі.

Ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың (олардың біреуі) өтініш бойынша қорғаншы және қамқоршы орган, егер бұл балаға зиянды ықпал етпесе, баламен жолығуға рұқсат ете алады.

Ата-анасы (олардың біреуі) ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда баланы асырап алуға ата-ананы (олардың біреуін) ата-ана құқықтарынан айыру туралы сот шешім шығарған күннен бастап кемінде алты ай өткенде жол беріледі.

Егер ата-аналар (олардың біреуі), мінез-құлқын, тұрмыс-салтын және баланы тәрбиелеуге көзқарасын өзгертсе, олардың ата-ана құқықтары қалпына келтірілуі мүмкін. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру ата-ана құқықтарынан айырылған ата-ананың арызы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы істер қорғаншы және қамқоршы органдардың, сондай-ақ прокурордың қатысуымен қаралады.

Егер ата-ана құқықтарын қалпына келтіру баланың мүдделеріне қайшы келсе, сот баланың пікірін ескере отырып, ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы ата-ананың (олардың біреуінің) талап-арызын қанағаттандырудан бас тартуға құқылы. Он жасқа толған бала жөніндегі ата-ана құқықтарын қалпына келтіру баланың келісімімен ғана жасалуы мүмкін. Егер бала асырап алынған болса және баланы асырап алудың күші жойылмаса, ата-ана құқықтарын қалпына келтіруге жол берілмейді.

Неке және отбасы туралы заңның 71 бабына сәйкес сот баланың мүддесін ескере отырып, баланы ата-анадан (олардың біреуінен) оларды ата-ана құқықтарынан айырмай алу жолымен ата-ана құқықтарын шектеу туралы шешім шығара алады.

Егер баланың ата-аналармен (олардың біреуімен) қалуы:

1. ата-аналарға (олардың біреуіне) байланысты емес мән-жайлар (психикасының бұзылуы немесе өзге де созылмалы ауру, ауыр мән-жайлардың және себеп-салдары) бойынша бала үшін қауіпті болса;
2. олардың мінез-құлқының салдары бала үшін қауіпті болса, алайда ата-аналарды (олардың біреуін) ата-ана құқықтарынан айыру үшін жеткілікті негіздер анықтамаған болса, ата-ана құқықтарын шектеуге жол беріледі. Егер ата-аналар (олардың біреуі) өз мінез-құлқын өзгертпесе, қорғаншы және қамқоршы орган ата-ана құқықтарын шектеу туралы сот шешімі шыққаннан кейін алты ай өткен соң оларды ата-ана құқықтарын айыру туралы талап қоюға міндетті. Баланың мүдделеріне сәйкес қорғаншы және қамқоршы орган осы мерзім аяқталғанға дейін ата-аналарды (олардың біреуін) ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қоюға құқылы.
3. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы талапты баланың жақын туысқандары, кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау міндеті заңмен жүктелген органдар мен мекемелер (мектепке дейінгі мекемелер) жалпы білім беретін және басқа да мекемелер, сондай-ақ прокурор қоя алады.
4. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы істер прокурор мен қорғаншы және қамқоршы органның қатысуымен қаралады.
5. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы істер қаралған кезде сот ата-аналардан (олардың біреуінен) балаға алимент өндіріп алу туралы мәселені шешуге құқылы.

ҚР Неке және отбасы туралы Заңының 72 бабында: Ата-ана құқықтарын шектеудің салдары қаралған.

Ата-ана құқықтарын сот шектеген ата-аналар баланы жеке өзі тәрбиелеу құқығынан айырылады. Ата-ана құқықтарынан шектеу ата-аналарды баланы асырау жөніндегі міндеттерден босатпайды.

Өзіне қатысты ата-аналарының (олардың біреуінің) ата-ана құқықтары шектелген бала тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үйдің пайдалану құқығын сақтап қалады, сондай-ақ ата-аналары және басқа да туысқандарымен туыстық фактісіне негізделген мүліктік құқығын, соның ішінде мұра алу құқығын сақтап қалады.

Ата-анасының екеуінің де ата-ана құқықтары шектелген жағдайда бала қорғаншы және қамқоршы органның қамқорлығына беріледі. Ата-ана құқықтарын сот шектеген жағдайда ата-аналарға, егер олар балаға зиянды әсерін тигізбесе, баламен қатысуға рұқсат етілуі мүмкін. Ата-аналардың баламен қатысуына қатысуына қорғаншы немесе қамқоршы органның не қорғаншысының (қамқоршысының), баланың патронат тәрбиелеушілерінің немесе бала тұратын мекеме әкімшілігінің келісімімен жол беріледі.

Әлеуметтік педагог ескеру керек:

Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда қорғаншы және қамқоршы орган баланы ата-аналардан (олардың біреуінен) немесе оны қамқорлыққа алған басқа да адамдардан дереу айырып алуға құқылы.

Баланы дереу айырып алуды республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның тиісті актісі негізінде қорғаншы және қамқоршы орган жүргізеді.

Баланы айырып алу кезінде қорғаншы және қамқоршы орган прокурорға дереу хабарлауға, баланы уақытына орналастыруды қамтамасыз етуге және баланы айырып алу туралы республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның актісі шыққаннан кейін жеті күн ішінде сотқа ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе олардың ата-ана құқықтарын шектеу туралы талап қоюға міндетті.

Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы

2007 жылғы шілденің 27-сі, №319 ІІІ ҚРЗ

Баланың білім алуға құқығы «Қазақстан Республикасының Білім алу туралы» Заңында және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңдарында қарастырылған.

Осы Заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды және ҚР азаматтарының, сондай-ақ ҚР тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі. 11. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында білім алушы және (немесе) тәрбиеленуші жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар толық мемлекет қамқорлығында ұсталады. **Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мынадай міндеттерді шешуге:**

- әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге (интеграцияға);
- педагог қызметкерлердің мәртебесін көтеруге;
- сапалы білім берудің қол жетімділік кепілдігін көтеруге;
- басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

7-тарау. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ

- 50-бап. Педагог қызметкердің мәртебесі
- 51-бап. Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі
- 52-бап. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі
- 53-бап. Әлеуметтік кепілдіктер.

Қазақстан Республикасының Конституциясы
(30 тамыз 1995 жылы республикалық референдумда қабылданды)
(1998 ж. 7 қазанда енгізілген өзгерістерімен)

Қазақстан Республикасының Конституциясы 9бөлімнен, 98 баптан тұрады.

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз.

1-бап 1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. ҚР Конституциялық Кеңесінің 21.12.01 ж. N 18/2 қаулысымен берілген түсініктемені қараңыз

2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

10-бап1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады.

2. Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды.

3. Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

11-бап1. Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды.

2. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

12-бап1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

13-бап

1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 22.03.99 ж. N 7/2; 15.02.02 N 1 қаулыларымен берілген түсініктемелерді қараңыз

15-бап

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

17-бап

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

24-бап

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 10.03.99 ж. N 2/2 қаулысымен берілген түсініктемені қараңыз

27-бап

1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

28-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 12.03.99 ж. N 3/2 қаулысымен берілген түсініктемені қараңыз

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 18, 105-құжат *Осы Заң кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды. Бұл заң 25 баптан тұрады.*

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы

Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы
Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 581 Заңы

"Егемен Қазақстан" 2004 жылғы 14 шілде N 176. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 16, 95-құжат

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асырудың құқықтық негіздерін анықтайды.

Әлеуметтік педагогтың өзге білім субъектілерімен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық қатынасын ұйымдастыру

Әлеуметтік педагогтың өзге білім субъектілерімен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық қатынасын ұйымдастыруда мемлекеттің балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары жүзеге асырылуы тиіс:

1. Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары:

1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;

2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;

3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;

4) балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;

5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.

2. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және:

1) баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге;

2) балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;

3) аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;

4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына;

5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген.

Әлеуметтік педагог аталмыш мақсаттарды жүзеге асыруда төмендегі құзыретті органдармен әлеуметтік серіктестік байланыстарын жүзеге асырады.

1. Сынып жетекшілері және пән мұғалімдерімен өзара тығыз байланыс.
2. Директордың тәрбие ісі және құқықтық ісі жөніндегі орынбасарларымен тығыз байланыс.
3. ИДН қызметкерлерімен байланыс.
4. Қорғаншы және қамқорлық органдарымен байланысы:

Қорғаншы және қамқоршы органдар ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтайды, осындай балалардың есебін алуды жүргізеді және ата-анасының қамқорлығынсыз қалудың нақты мән-жайларын негізге ала отырып, балаларды орналастырудың нысандарын таңдайды, сондай-ақ оларды асырау тәрбиелеу және білім беру жағдайларына одан әрі бақылау жасауды жүзеге асырады.

Қорғаншы және қамқоршы органдардан басқа, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру жөніндегі заңды және жеке тұлғалардың қызметіне жол берілмейді.

«Неке және отбасы» Заңының 100-бабының 1-тармағында аталған балалар туралы мәліметтер бар мекемелердің (мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беретін ұйымдар, емдеу және басқа да мекемелердің) лауазымды адамдары және өзге де азаматтар олар туралы қорғаншы және қамқоршы органдарға балалардың нақты тұрған жерін хабарлауға міндетті. Қорғаншы және қамқоршы орган осындай мәліметтер алған күннен бастап үш күн ішінде баланың тұрмыс жағдайына зерттеу жүргізуге және ата-аналарының немесе оның туыстарының қамқорлығы жоқ екендігі фактісі анықталған кезде баланы орналастыру туралы мәселе шешілгенге дейін оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар тұратын тәрбие, емдеу және басқа да мекемелердің басшылары, баланы отбасы тәрбиесіне беру мүмкін екендігі белгілі болған күннен бастап жеті күн мерзім ішінде бұл туралы осы мекеменің тұрған жері бойынша қорғаншы және қамқоршы органға хабарлауға міндетті.

Қорғаншы және қамқоршы орган осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған мәліметтер түскен күннен бастап бір ай ішінде баланы орналастыруды қамтамасыз етеді (осы Заңның 102-бабы) және баланы отбасына тәрбиелеуге беру мүмкіндігі болмаған кезде орталықтандырылған есепке алу үшін және кейіннен баланы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматының отбасына тәрбиелеуге орналастыруға жәрдем көрсету үшін осындай бала туралы мәліметті тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің білім беру басқармасының органына жібереді.

БҰҰ халықаралық балалардың құқықтары туралы конвенция 1989 жылы 20 қарашада қабылданды.

Зан III бөлімнен, 54 баптан тұрады.

Кіріспеде БҰҰ-ның негізгі принциптері және адам құқығына байланысты кейбір фактілер мен декларациялардың негізгі қағидалары атап өтіледі. Онда балалар өздерінің табиғи нәзіктігіне байланысты ерекше қамқорлық пен қорғауды қажет ететіндігі, әсіресе басты қамқорлық пен жауапкершілік отбасы иелеріне жүктелетіндігі расталады. Сондай-ақ, онда баланы туылғанға дейін және туылғаннан кейін құқықтық және басқалай қорғау қажеттігі, оның туған халқының мәдени құндылықтарын құрметтеу маңыздылығы және бала құқығын қорғау жолында халықаралық ынтымақтастықтың ролі мақұлданады.

Мектептегі әлеуметтік педагогтар осы конвенцияның негізгі баптарына сүйене отырып, өз қызметтерін атқарады. Мысалы, білуге тиісті

2-бап – Дискриминацияны, яғни зорлық-зомбылықты болдырмау;

3-бап – Баланың құқығын анағұрлым толық қамтамасыз ету;

9-бап – Ата-анадан ажырау;

12-бап – Баланың көзқарасы;

13-бап – Пікір айту еркіндігі;

16-бап – Жеке өмір сүру құқығын сақтау;

19-бап – Асыра пайданушылық пен жаны ашымаушылықтың сақтау,

20 бап – Отбасынан айырылған баланы қорғау;

21-бап – Асырап алу;

22-бап – Босқын балалар;

23- бап – Мүгедек балалар;

25-бап – Қамқорлыққа алу жағдайындағы тұрақты тексеру;

26-бап - Әлеуметтік қамтамасыз ету;

27-бап - Өмір деңгейі;

28-бап – Білім алу;

31-бап – Демалыс, бос уақыт және мәдени өмір;

37-бап – Азаптау және бас бостандығынан айыру;

40-бап – Кәмелетке толмаған заңбұзушылықтарға қатысты сот үкімін қолдау.

**Әлеуметтік педагогтің кәсіби
қызметін реттейтін
нормативтік-құқықтық
құжаттары**

Нормативтік-құқықтық құжаттары

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;

БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция»;

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

ҚР «Білім беру туралы заңы»;

ҚР «Неке және отбасы туралы заңы»;

«ҚР баланың құқықтары туралы заңы»;

«Патронаттық тәрбие туралы ереже»;

«Қорғаншылық және камқоршылық туралы ереже»;

ҚР Еңбек кодексі;

ҚР Қылмыстық кодексі;

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панаһсыз қалғуының алдын-алу туралы» ҚР Заңы.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім бағалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бағаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын бағаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 235 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрігінде 2020 жылғы 8 маусымда № 20837 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10-қосымша және 11-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №1032 қаулысы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» 7-тарау

Қазақстан Республикасының Конституциясы (30 тамыз 1995 жылғы республикалық референдумда қабылданды) (1998 ж. 7 қазанда енгізілген өзгерістерімен)

Қазақстан Республикасының Конституциясы 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады

- 27-бап I. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.
- 2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.
- 3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.
- 28-бап I. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.
- 2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымшанысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленің отырады.

Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы шілденің 27-сі, №319 заңы

- Баланын білім алуға құқығы «Қазақстан Республикасының Білім алу туралы» Заңында және «Қазақстан Республикасындағы баланын құқықтары туралы» Заңдарында қарастырылған.
- 47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі.
- 11. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында білім алушы және (немесе) тәрбиеленуші жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар толық мемлекет қамқорлығында ұсталады.

БҰҰ халықаралық балалардың құқықтары туралы конвенция 1989 жылы 20 қарашада қабылданды.

Заң ІІІ бөлімнен, 54 баптан тұрады.

Мектептегі әлеуметтік педагогтар осы конвенцияның негізгі баптарына сүйене отырып, өз қызметтерін атқарады. Мысалы, білуге тиісті

- 2-бап – Дискриминацияны, яғни зорлық-зомбылықты болдырмау;
- 3-бап – Баланың құқығын анағұрлым толық қамтамасыз ету;
- 9-бап – Ата-анадан ажырау;
- 12-бап – Баланың көзқарасы;
- 13-бап – Пікір айту еркіндігі;
- 14-бап - Ой, ар-намыс және дін бостандығы;
- 16-бап – Жеке өмір сүру құқығын сақтау;
- 19-бап – Асыра пайданушылық пен жаны ашымаушылықтың сақтау

- 20 бап – Отбасынан айырылған баланы қорғау;
- 21-бап – Асырап алу;
- 22-бап – Босқын балалар;
- 23- бап – Мүгедек балалар;
- 25-бап – Қамқорлыққа алу жағдайындағы тұрақты тексеру;
- 26-бап - Әлеуметтік қамтамасыз ету;
- 27-бап - Өмір деңгейі;
- 28-бап – Білім алу;
- 31-бап – Демалыс, бос уақыт және мәдени өмір;
- 37-бап – Азаптау және бас бостандығынан айыру;
- 40-бап – Кәмелетке толмаған заңбұзушылықтарға қатысты сот үкімін қолдау.

ҚР Баланың құқықтары туралы Заңы

2002 жылдың 8 тамызында қабылданған, заң 10 тарау, 53 баптан тұрады.

Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзаттық тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдылығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Осы Заң аясында мектепте әлеуметтік педагогтар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, патронаждық тәрбиелдегі балаларды және мүгедек балалардың құқықтарын қорғаушы болып табылады. Заңда көрсетілген негізгі талаптар мен құқықтар, міндеттер бойынша өз жұмысын басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панаасыз қалуының алдын алу туралы

- **Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы
Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 18, 105-құжат**
Осы Заң кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың
профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панаасыз қалуының алдын алу
жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және
әлеуметтік негіздерін айқындайды. Бұл заң 25 баптан тұрады.

ҚР Заңы «Неке және отбасы туралы» 2006ж. 7-бөлімнен, 29-тараудан, 213 баптан тұрады.

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы неке-отбасы қатынастарын, сондай-ақ, оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін белгілеп, реттейді, отбасының дамуын Қазақстан Республикасы мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты деп анықтай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.